

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67238/>

Сабақтың тақарыбы Мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері

Күні: « ».____. 20__ Мұғалімнің аты-жөні: Б.Кульжабаев

Сынып: 10 Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:

Сабаққа негізделген оқу мақсаттары: Оқушыларды бөлімшенің жорықтық және ұрысқа кіру тәсілдерімен таныстыру. Оқушылардың бойында Отанның қырағы жауынгері, елінің сенімді азаматы болып өсуіне тәрбиелеу.

Сабақ мақсаттары:

Барлық оқушылар:

Бөлімшенің жорықтық, ұрысқа кіру және ұрыстық реттеріні не үшін арналғаныны біледі.

Оқушылардың басым бөлігі:

Жауынгердің ұрыстағы міндеттеріні біледі

Кейбір оқушылар:

Бөлімшенің жорықтық, ұрысқа кіру және ұрыстық реттеріні не үшін арналғаныны және жауынгердің ұрыстағы міндеттеріні біледі.

Тілдік мақсат

Оқушылар: Бейнелеу, талқылау және көрсету арқылы өзінің АЭТД бойынша түсінігін көрсетеді.

Негізгі сөздер мен тіркестер:

Ұрыс, шабуыл, қорғаныс бетпе-бет ұрыс.

Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: айтылымын жақсарту ауызша сөйлеу дағдылары дамиды, сұрақтар қоя алады.

Талқылауға арналған тармақтар:

топтарға бөлініп берілген тапсырмаларды талқылайды.

Жазылым бойынша ұсыныстар: эссе

Алдыңғы тақырып

Жоспар

Жоспарланған уақыт Жоспарланған жаттығулар мен (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз) Ресурстар

Басталуы

5 минут

Взвод командирі оқушыларды сапқа тұрғызады, оқытушыға рапорт береді, амандасу, түгендеу, оқушылардың сырт көрінісін тексеру. АЭТД бөлмесі

Ортасы

30 минут

1. Презентация көрсету. Бөлімшенің жорықтық және ұрысқа кіру тәсілдері. 27 минут
Жорық реті — бөлімшелерді қозғалыс үшін лек сабына тұрғызу. Мотоатқыштар бөлімшесінің, взодының, ротасының жорық реті — лек.

Ұрысқа кіру реті — маңдай шеп пен тереңдікке бөлінген бөлімшенің белгіленген аралық және арақашықтық бойынша сапқа тұруы.

Ұрыс реті дегеніміз — ұрыс үшін күшейту құралдарымен бірге бөлімшенің сапқа тұруы.

Жауынгердің ұрыстағы міндеттері. Ол взвод, бөлімшенің жауынгерлік міндетін және өз міндетін, қарсылас танкілерін, басқа да сауытталған машиналары мен танкіге қарсы құралдарының жауынгерлік мүмкіндіктерін, олардың әлсіз және күшті тұстарын жақсы білуі тиіс; ұрыс барысында тыңғылықты бақылау жүргізе алуы қажет; қарсыласты байқаған сәтте ол туралы дереу командирге хабарлауға, шабуылда батыл және шешімді түрде қимылдауға, ал қорғаныста өзін берік және табанды ұстауға, қарсыласты қолда бар тәсілдер мен құралдар арқылы жоюға, батырлық, бастамашылдық және тапқырлық байқатуға, жолдасына көмек көрсетуге әзір болуға, ұрыста жергілікті жердің ерекшеліктерін, қорғаныс жеке құралдары мен машинаның қорғаныс сапаларын тиімді қолдануға; оқпаналар мен бойтасаларды тез жабдықтай алуға, бөгеттер, табиғи тосқауылдар мен жергілікті жердің зақымдалған учаскесінен өтуге; танкіге және жаяу әскерге қарсы миналар орналастыруға және оны зиянсыздандыруға, санитарлық өңдеу, дезактивизация, газсыздандыру және дезинфекция жүргізуге, әуе қарсыласын тануға және төмен ұшатын нысаналарға атыс қаруынан атыс жүргізуге міндетті. Ол ұрыста командирді қорғауға және күзетуге, ал егер ол қатардан шығып қалған жағдайда бөлімшеге басшылық жасауды өз мойнына алуға, командирдің рұқсатынсыз ұрыстағы орнын тастап кетпеуге, радиоактивті немесе улағыш заттар мен өртегіш қарумен зақымданғанда немесе жараланғанда, өзіндік көмектің қажетті шараларын жасап, жауынгерлік міндетті орындауды жалғастыруға міндетті. Егер медициналық пунктке бару туралы бұйрық берілсе, жауынгер өзімен бірге жеке қаруын алып жүруі тиіс, ал медициналық пунктке бару мүмкін болмаған жағдайда, қарумен тасаға дейін еңбектеп барып, санитарларды күтуі тиіс. ЖҰМ (БТР) бұзылған сәтте ол жөндеу жұмысына дереу кірісуі қажет

2. Сұрақтарға жауап беру 3 минут Плакат, маркер, постер, түрлі түсті қағаздар,

таныстырылым.

Аяқталуы

5 минут Рефлексия

1.Нені білемін?

2.Нені білдім?

3.Нені білгімкеледі? Стикерлер, макеттер, практикалық оқу жаттығу орындары

Қосымша ақпарат

Саралау – Сіз қосымша

көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіру қалай жоспарлайсыз? Бағалау- оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Пәнаралық байланыс қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ –мен байланыс. Құндылықтардағы байланыс

— үлгерімі төмен оқушыларға ЖАДА ұйымдастыру арқылы деңгейлік тапсырмалар беремін.

— Қабілеті жоғары оқушыларға жоғары дәрежелі сұрақтар қоямын. • Табыс критерийлері

- Бағалау критерийлері
- Бірін-бірі бағалау
- Өзін-өзі бағалау
- Бағалау парақшалары
- Кері байланыс Оқушылардың ойлау қабілетін, ой-өрісін дамыту.

Оқушыларды өз-бетінше ізденуге, бағалауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Рефлексия

Сабақ/ оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болы ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

Саралау – Сіз қосымша

көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіру қалай жоспарлайсыз? Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.

Бағалау- оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеру)?

1: _____

2: _____

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеру)?

1: _____

2: _____

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетінен не білдім?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.